

Ата-аналарға сауалнама

«Балаңыз балабақшаға баруға дайын ба?»

Балаңыздың аты

жөні: _____

1. Балаңыздың әдеттегі көңіл - күйі - қандай?
А) Көңілді
Ә) Мазасыз
Б) көңіл - күйі төмен
2. Балаңыз қалай ұйықтайды?
А) тез ұйықтайды
Ә) жай
Б) тыныш
Г) тынымсыз
3. Балаңыз ұйықтату үшін не істейсіз? Әрекетіңіз

4. Балаңыздың түс мезгіліндегі ұйқысы қанша уақыт?
А) 2 сағат
Ә) 1 сағаттан кем емес
5. Балаңыздың тәбеті қандай?
А) жақсы
Ә) тамақты таңдап жейді
Б) тамаққа тәбеті төмен
6. Балаңыздың қандайда бір теріс әрекеті бар ма?
А) емізік сорады, саусаған сорады т.
б _____
Б) ондай теріс әрекеті жоқ.
7. Балаңыз түбекке (горшокқа) отырғанда қалай қарайды?
А) өздігінен отырады
Ә) отырғысы келмей жылайды
8. Үйдегі жаңа заттарға немесе ойыншықтарға балаңыз назар аудара ма?
А) ия
Ә) жоқ
Б) кейде
9. Балаңыз қалай ойнайды?
А) өзі ойнайды
Ә) жалғыз өзі ойнамайды.
10. Үлкендермен қарым - қатынасы?
А) тез түседі
Ә) таңдап
Б) қиын
11. Балалармен қарым - қатынасы?
А) тез түседі
Ә) таңдап
Б) қиын
12. Балаңыз сіздерден бөлектеніп көрді ме?
А) ия
Ә) жоқ
Б) бөлектенгенде жеңіл көтереді
Г) қиын

Жауабыңызға рахмет

Ата-аналарға сауалнама

«Балаңыз балабақшаға баруға дайын ба?»

Балаңыздың аты

жөні: _____

1. Балаңыздың әдеттегі көңіл - күйі - қандай?
А) Көңілді
Ә) Мазасыз
Б) көңіл - күйі төмен
2. Балаңыз қалай ұйықтайды?
А) тез ұйықтайды
Ә) жай
Б) тыныш
Г) тынымсыз
3. Балаңыз ұйықтату үшін не істейсіз? Әрекетіңіз

4. Балаңыздың түс мезгіліндегі ұйқысы қанша уақыт?
А) 2 сағат
Ә) 1 сағаттан кем емес
5. Балаңыздың тәбеті қандай?
А) жақсы
Ә) тамақты таңдап жейді
Б) тамаққа тәбеті төмен
6. Балаңыздың қандайда бір теріс әрекеті бар ма?
А) емізік сорады, саусаған сорады т.
б _____
Б) ондай теріс әрекеті жоқ.
7. Балаңыз түбекке (горшокқа) отырғанда қалай қарайды?
А) өздігінен отырады
Ә) отырғысы келмей жылайды
8. Үйдегі жаңа заттарға немесе ойыншықтарға балаңыз назар аудара ма?
А) ия
Ә) жоқ
Б) кейде
9. Балаңыз қалай ойнайды?
А) өзі ойнайды
Ә) жалғыз өзі ойнамайды.
10. Үлкендермен қарым - қатынасы?
А) тез түседі
Ә) таңдап
Б) қиын
11. Балалармен қарым - қатынасы?
А) тез түседі
Ә) таңдап
Б) қиын
12. Балаңыз сіздерден бөлектеніп көрді ме?
А) ия
Ә) жоқ
Б) бөлектенгенде жеңіл көтереді
Г) қиын

Жауабыңызға рахм

Ата-аналарға сауалнама

Құрметті ата - аналар!

Сіздерден сауалнамаға жауап беруіңізді сұраймын. Аты - жөніңізді жазу міндетті емес. Дұрыс жауапқа «+» белгісін қойыңыз, егер сұрағымыз қиындық келтіріп жатса, келесі сұраққа көшіңіз.

1. Балаңыздың балабақшаға бейімделуі сіз үшін қалай өтті?

- А) Бала толықтай балабақшаға бейімделді.
- Ә) Бала таңертең балабақшаға барғысы келмей жылайды.
- Б) Бала кейде балабақшаға барғысы келмейді.
- Г) бала кешке үйге қайтарда балабақшада қалып ойнағысы келеді.

2. Балаңыздың балабақшаға бейімделу қалай жүрді?

Бала балабақшаға келерде:

- А) жылап
- Ә) көндірумен
- Б) көңілсіз
- Г) өз қалауымен

3. Сіздің ойыңызша балаңыз балабақшаға бейімделуіне не әсер етті деп ойлайсыз?

- А) Балабақша қызметкерлерінің әсері
- Ә) Балабақша қызметкерлерімен ата - ана ынтымақтастығы
- Б) Ата - ананың әрекеті

4. Балаңыздың ең бірінші күні балабақшадан келгендегі іс - әрекеті?

- А) әдеттегідей
- Ә) тамақтан бас тартты
- Б) ұйқысы шамалы
- Г) бір қуысқа тығылып отырды
- Е) көңілді, күшті әсермен

5. Сіз қалай ойлайсыз балабақшаға бейімделудің табысты жолы қайсысы? Сіздің ойыңызша нені өзгертуге болады? Сіз балабақшадан нені көргіңіз келеді? Сіздің тілегіңіз _____

Жауабыңызға рахмет!

Ата-аналарға сауалнама

Құрметті ата - аналар!

Сіздерден сауалнамаға жауап беруіңізді сұраймын. Аты - жөніңізді жазу міндетті емес. Дұрыс жауапқа «+» белгісін қойыңыз, егер сұрағымыз қиындық келтіріп жатса, келесі сұраққа көшіңіз.

1. Балаңыздың балабақшаға бейімделуі сіз үшін қалай өтті?

- А) Бала толықтай балабақшаға бейімделді.
- Ә) Бала таңертең балабақшаға барғысы келмей жылайды.
- Б) Бала кейде балабақшаға барғысы келмейді.
- Г) бала кешке үйге қайтарда балабақшада қалып ойнағысы келеді.

2. Балаңыздың балабақшаға бейімделу қалай жүрді?

Бала балабақшаға келерде:

- А) жылап
- Ә) көндірумен
- Б) көңілсіз
- Г) өз қалауымен

3. Сіздің ойыңызша балаңыз балабақшаға бейімделуіне не әсер етті деп ойлайсыз?


- А) Балабақша қызметкерлерінің әсері
- Ә) Балабақша қызметкерлерімен ата - ана ынтымақтастығы
- Б) Ата - ананың әрекеті

4. Балаңыздың ең бірінші күні балабақшадан келгендегі іс - әрекеті?

- А) әдеттегідей
- Ә) тамақтан бас тартты
- Б) ұйқысы шамалы
- Г) бір қуысқа тығылып отырды
- Е) көңілді, күшті әсермен

5. Сіз қалай ойлайсыз балабақшаға бейімделудің табысты жолы қайсысы? Сіздің ойыңызша нені өзгертуге болады? Сіз балабақшадан нені көргіңіз келеді? Сіздің тілегіңіз _____

Жауабыңызға рахмет



Ата-аналарға арналған

Кеңес

«Кішкентай балалар. Олар қандай?»

Дайындаған: педагог психолог Казғалиева Мадина Нурлановна



Егер барлық кішкентай ұлдар мен қыздар әрқашан өздерін жақсы ұстап, тек ата-аналарының рұқсат еткен нәрсесін орындайтын болса, қандай керемет болар еді! Ол кезде балаларды ешқашан ұрып, жазалаудың қажеті болмас еді. Өкінішке бұл мүмкін емес, мінсіз адам болмайды және бұл балаларға да қатысты.

Кейде балалар еденге құлап, айқайлап, жан-жағындағы адамдарды жұдырықтайтын эмоциялар тасқынын көрсетеді. Балаларда болатын жаман көңіл-күй мен мінез-құлықтың пайда болу себептерін түсіну ата-аналарға жағымсыз эпизодтарды алдын-алу шараларын қабылдауға көмектеседі.

Балалардың жаман мінез-құлығының өршіп кетуі әдетте, олар шаршағанда, аш болғанда және бірдеңеден көңілі қалғанда орын алады.

Көбінесе бұл мінез-құлық ересектердің қандай да бір тыйым салулары (қандай да бір затты алуға, шалшықта ойнауға рұқсат болмағанда) кезінде немесе ойыншықты, шоколадты сатып алудан бас тарту кезінде жауап ретінде пайда болады

Кейде мұндай ыза құрдастарымен қақтығыстың салдары болуы мүмкін: мысалы, бір бала екінші баланың ойыншығын алып қойған кезде екінші бала осы ситуацияда не істейтінін білмей, үлкендердің назарын тарту және өзінің ренішін білдіру мақсатында осы қылықтарды көрсетуі мүмкін.

Психологтар мінез-құлықтың бұзылуы негізіндегі төрт маңызды себептерді анықтады:

1. Бала өзіне назар аудартқысы келгенде;
2. Ересектерге бағынғысы келмегенде;
3. Ересектерге үстем болғысы келгенде;
4. Өзін жақсы көрмегені және ренжіткені үшін ересектерден кек алғанда.

Ойыншықтар

Кейбір жағдайларда балалардың жаман мінез-құлқының өршуі дамудың физиологиялық және психологиялық нормалары болып табылады. Жаман мінез-құлық балалардың дамуының келесі кезеңдерінде пайда болатыны анықталды: екі-үш, бес жас, жеті-сегіз жас және жасөспірім кезеңінде. Бұл сыни кезеңде балалар өзінің дара екенін мәлімдеуге ұмтылып, өзі және қоршаған орта арасындағы көзге көрінбейтін шекараны жасауға тырысады. Әдетте, олардың сыни жас кезеңдеріндегі сөйлеу қабілетінің дамуы олардың эмоционалды дамуына сәйкес келмейді. Бала өзінде болып жатқан өзгерістерді ауызша сипаттауға қабілеті жетпей, солайша өз сезімдері мен тілектерін білдіре алмайды. Бұдан басқа осы жас кезеңдерінде балалардың жүйке жүйесі сезімтал, осал болып, сондықтан жаман мінез-құлыққа бейімделгіш болады.

"Не істеу керек?"- дерсіз сіз. Балаңыздың эмоцияларына көбірек назар аударуға тырысыңыз. Олардың пайда болу себептерін түсінуге, сондай-ақ, балаға әртүрлі эмоциялар және олардың қалай пайда болатындығы туралы айтып беруге тырысыңыз.

Егер истерика пайда болса, келесі тактика ұсынылады:

1. Егер бала ересек адамның бас тартуына немесе тыйым салуына жауап ретінде истериканы көрсете бастаса, ата-аналарға өз шешімдерінен тайынудың қажеті жоқ және балаға "жоқ" деп нық айтқаны дұрыс (әрине, егер тыйым шынымен қажет болса) болады.
2. Егер баланың өзі қолға сұранса, оның өтінішін орындау қажет, бірақ бұл сәтте оған ақыл айту ерте болады.
3. Бала ашулы болып отырған кезде оны еденнен көтеріп алуға, күштеп қолға алуға тырыспаңыз.
4. Истерика кезінде баланы бір өзін қалдыруға болмайды. Бұл қауіпсіз емес.
5. Алайда, ересек адам қатты ашуланып, өз әрекеттерін басқара алмаса, баладан аулақ болғаны дұрыс.

Ата-аналар ашулы тұрған кезде балаға айқайлайды немесе (соққы күшін есептемей) баланы қатты соққыға алып жатады. Кейіннен осы үшін кінәсін сезініп, өкініш білдіріп жатады. Сондықтан олар қате жасамас үшін балаларды тәртіпке шақырған кезде алдымен өз эмоцияларын бақылауы тиіс.

Ашудың ең жоғары қарқыны кезінде бала ересектердің көндіруіне бой бермей, оларды естімеуі мүмкін, бірақ "эмоционалдық қызу" төмендеген кезде баланы басқа нәрсеге алдандырып, назарын қандай да бір әрекетке немесе затқа аудару қажет.

Енді ерке балаңызбен қатысу кезінде өз мінез-құлқыңыздың стилін қалай құруға болатындығы туралы бірнеше ұсыныстар.

1. Мінез-құлқыңыз арқылы балаңызға дұрыс үлгі көрсетіңіз-эмоцияларыңызды ұстауға тырысыңыз себебі, бала өз мінез-құлқын көрсету кезінде Сізге еліктейді;

2. Балаға жеткілікті дәрежеде көңіл бөліңіз, ол өзін ешқашан ұмытылғандай сезінбесін, бірақ сонымен бірге балаға басқа шаруалардың шығып қалуы мүмкін екенін және оны түсіністікпен қабылдау керек екенін түсіндіріңіз;

3. Соңғы амалдарға бармаңыз: Балаға ойына келген нәрсені жасауға жол бермеңіз , бірақ сонымен бірақ бәріне тыйым салып тастамаңыз, өзіңіз үшін не мүмкін және не мүмкін емес екенін нақты шешіп, ол туралы отбасының барлық мүшелерімен келісіңіз;

4. Есіңізде болсын, дұрыс эмоционалды даму және өзіне деген сенімділік үшін балаға ата-аналардың 8-10 мейірімді достық құшағы мен күн сайын бірнеше мақұлдап қараған жылы шырайы қажет;

5. Истерикалық шабуылдарды бала көбінесе өзіне назар аударту немесе аяушылық және жанашырлық сезімді ояту мақсатында жасайтынын түсініңіз. Баланы бетінен қақпай, бар өзіңіз қоятын талаптарды өзгертіп өсіруге болмайды. Бала тынышталған кезде оған неге басқаша емес, неге тура осылай жасау керек екенін түсіндіріңіз.

6. Егер баланың барлық күш салуларға қарамастан истериялар жиі орын алатын болса маманға жүгініңіз.

*Бұл материал "3 жастан 7 жасқа дейінгі балалардың жақсы ата-аналары болуға үйренеміз" деп аталатын оқу құралы негізінде дайындалды.



№3 «Елочка» МКҚК бөбекжайы

Ата-аналарға арналған

Кеңес

«Балалардың интеллектуалды дамуы»

Дайындаған: педагог психолог Нурғалиева А.А.



Интеллектуалды дамыту ойындары

Интеллектуалдық дамыту ойындары балалардың түсіну және қабылдау қабілетін, ақыл-ойын дамытуға, түсінік-ұғымдарын қалыптастыруға, білімді терең меңгеруіне игі ықпал етеді.

Интеллектуалдық дамыту ойынының негізгі құрылымдық ерекшелігі — ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесінің қатаң сақталуы, педагогтың ойынды ұйымдастыруға даярлығы, баланың жас және жеке даму қабілеттерінің ескерілуі.

Ақыл-ойды тереңдетуге бағдарланған интеллектуалды ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді, қолданып көргенін, танып-білгенін есінде сақтайды. Нәтижесінде қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді, тұрмыс пен қызмет түрлерін ажырата бастайды. Еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін қалыптастырады.

Ойынның ережелері ойнаушының қисынды ой қабілетінің дамуы, бір-біріне деген сыйластық, қажеттіліктерімен санасуы әр оқушының жеке әрекетінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімен арттырады.

Ақыл-ойын дамытатын ойындарды меңгерген балалар логикалық ойлауының жоғарғы дәрежесімен, математикалық шешімдер қабылдай білуімен, талдау жасай алуымен ерекшеленеді. Пішіндер мен түстерді ажырата алуы, салыстыра білуі қабілеттері дамып, қабылдауы мен танымы кеңейеді.

Интеллектуалдық дамыту ойындарында балалар талдау (тұтасты жеке бөліктерге ойша бөлу), жинақтау (бөліктері тұтасқа ойша біріктіру), салыстыру (ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу), жүйелеу (заттарды, құбылыстарды топтарға бөлу) сияқты ойлау тәсілдерін меңгереді.

Интеллектуалдық ойындардың педагогикалық-психологиялық негіздері

Ойынның баланың интеллектуалдық дамуына ықпал ету мүмкіндігі педагогика ғылымы саласында жан-жақты қарастырылып, ойын әрекеті оқу әрекетінің жетекші формасына айналған. Ойын, ойыншық сөздері ой сөзімен тікелей байланысты, сөйтіп, ойнау біруақытта ойлаумен әрекеттеседі. Ойын – бұл қарым-қатынас, өмірлік тәжірибе жинақтау құралы. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский: “Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы мүмкін емес” – дейді. Өйткені кез келген адам бала кезінен өмір әлеміне ойын арқылы кіріп, дүниені ойын әрекетімен тани бастайды. Қоршаған дүние туралы түсінік ойын арқылы қалыптасады. Л.Выготский: «Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайында білімдерін толықтырады, дербес шешім қабылауға дағдыланады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады — дейді. Бұл өмір тәжірибесінен алынған. Ойын – бала табиғатымен егіз, өйткені бала ойынмен өседі, оның жан-жақты дамуына тікелей ықпал етеді. Ол – баланың миын жаттықтыратын, әрі тынықтыратын негізгі жаттығу.

Интеллектуалдық дамыту ойынының түрлері мен қызметі

Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде ойын-оқу қызметі, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық ойындар, логикалық ойындар, грамматикалық ойындар, математикалық ойындар, ұлттық ойындар, т.б. Ал интеллектуалдық дамыту ойындары – балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын молайтады.

Оларды іденімпаздыққа ынталандырады, жауапкершілікті сезінуге тәрбиелейді. Баланың белсенділігі артады, ойынның келесі күрделі кезеңіне өтуге талпынады. Ойынды түрлендіру әрі тілді, әрі ақыл-ойды дамытуға, демалыс сәттерін тиімді пайдалануға септігін тигізеді. Ойыншы әрекет үстінде өзін-өзі еркін ұстауға, қысылмауға, басқалармен тіл табысуға, жолдастық, достық сезімінің оянуына мүмкіндік жасайды.

Оқу ісі — әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді.

Дидактикалық ойындар

Шығармашылық ойындар

Заттық ойын – қоршаған заттар мен балалар ойыны барысында бала оларды тиісті орында

пайдалануды үйренеді. Рөлдік ойындар – бірлескен топтық ойын барысында балалар өздерінің арнайы жасаған көріністік жағдайларында өздеріне түрлі әлеуметтік рөлдерді алатын ойын.

Символдық ойын – шындық символдар белгілер түрінде белгіленіп, ал әрекеттер абстрактылы, символдық формада орындалатын ойын.

Құрылыс ойындары процесінде педагог балаларды бақылауға, құрылыстардың бір бөлігін басқа бөліктерінен ажыратуға, салыстыруға, ара қатынасын, құрылыс тәсілдерін есінде сақтап, елестеуге, іс-әрекеттің жүйелігіне назар қоюға үйретеді.

Интеллектуалдық дамыту ойындарының жүйесі мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың алған білімін бекітуде, тың ойлау, мәселені шешу, топ құра алу және шығармашылықпен ойлауға баулиды. Өр ойын түрлі аянда логика құруға бағыттайды. Стратегиялық ойындарда ойын құруды, өзгерген жағдайларға қарай жаңа жоспар құру және қарсыласының ойын анықтауды үйренеді. Сонымен қатар, стратегиялық ойындарда қарсылас болуға лайық деңгейде жетіледі. Жүйенің қолданылуымен Балалар қоғамға пайдалы, әлеуметтік бағыты мықты және тіл байлығы мол тұлға болып қалыптасады. Жүйеде қолданылатын ойындар Балалардың: жоспарлау, өлшеу, зеректік, мәселені шешу жолдарын қарастыру, жаңа әдіс-тәсілдерді байқау, сын тұрғысынан ойлау және зерттеушілік қырларын дамытады. Топтық ойындар әлеуметтік ортаға бейімделуге көмектеседі. Мұндағы басты мақсат — әр баланың өзін жақсы танып, қабілеттерін, қызығушылығын, әлсіз тұстарын байқау қабілетін үйрету. Орта құрып, ережелерде тұрақталатындай өзін бейімдеуге үйрету. Балалардың жаттығу барысында өзін басқа балалармен салыстыру және бейімділіктерін байқауға мүмкіндік жасау. Басынан өткен жағдайларға қарай қиялдауына көмектесу және қиялын жалғастыратындай жұмыстар ұсыну.

Педагогтар үшін әр ойын оқу қызметі тәрізді арнайы дайындықты қажет етеді. Сонымен, интеллектуалдық дамыту ойыны баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық, мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан да интеллектуалды ойындардың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәні зор.

Қорытынды

Интеллектуалдық дамыту кешені дидактикалық ойындар негізінде құрылған. Өр дидактикалық ойынның танымдылық және тәрбиелік мазмұны болады. Олар — оқыту мақсаттарын іске асыруға арналған арнаулы ойындар.

Әрқайсысының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық функциялары бар.

Интеллектуалдық дамыту ойындарының ерекшелігі — оның әрекеттік сипатында. Мұнда балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Олар ойында өздеріне мәлім өмір құбылыстары мен оқиғалары туралы білімдерін бейнелейді, оларға өзінің қатынасын білдіреді.

Интеллектуалдық дамыту ойындары педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың құралы болып табылады. Педагогикалық ойынның айырмашылығы алдыға қойған мақсаты мен міндеті бар, оқу- танымдық бағыттылығымен сипатталатын құнды ерекшеліктерінің болуында.

Олар әр түрлі:

- а) баланың жас ерекшелігіне;
- ә) мақсатқа;
- б) ұйымдастыруына;
- в) мазмұндық ерекшелігі ескерілген, т.б.

Интеллектуалдық дамыту ойынының нәтижесі – қандай жолмен болса да ұту емес, баланың білімді игеру, ақыл – қызметін дамытуда, өзара қарым – қатынас.

Интеллектуалдық дамыту кешені сенсорлық тәрбие мен ақыл – ой қабілетін дамыту үшін қажет. Интеллектуалдық дамыту ойындарының жүйесін құруда әлемдік тәжірибелер

зерделеніп, озық деп танылғандары іріктелді.

Интеллектуалдық дамыту ойындарына қойылатын талаптар:

1. Ойынға берілген уақыт баланы жалықтырмайтындай болуы;
2. Тақырып аясынан ауытқымай, оның ережесі қатаң сақталуы;
3. Ойынға қажетті материалдар алдын ала даярлануы;
4. Ойынның балаға беретін білімдік және тәрбиелік мәні;
5. Баланың жан-жақты дамуына, танымдық қызметінің артуына әсер етуі керек.

Тема:

Кризис 3-х лет

Педагог психолог Казгалиева Мадина Нурлановна



Ещё вчера ребенок был послушным, а сегодня он капризный и раздражительный. Врачи называют этот не самый приятный для родителей период кризисом трёх лет. Именно в этом возрасте малыш уже осознает себя как самостоятельную личность и начинает испытывать терпение родителей, выясняя для себя границы дозволенности. Самой частой фразой ребёнка становится «Я не хочу!».

Вот тут родители зачастую начинают вести себя неправильно, ругают и наказывают чадо по любому поводу. Делать этого не стоит. Конечно, наказать иногда нужно, но только если малыш совершил что-то неприемлемое. Постарайтесь набраться терпения и объясняйте ему, что можно, а что нельзя и почему. Если вы будете постоянно ругать и наказывать, то в результате ребёнок станет ещё непослушнее и упорнее.

Нередко в этот период возникают новые линии поведения и так называемые признаки кризиса трёх лет:

- **Негативизм:** Ребёнок противоречит родителям и поступает по-своему. Он может очень хотеть пойти гулять, но откажется от предложения лишь потому, что оно исходит от взрослого. Тем самым чадо пытается защитить свое «Я», и не стоит рассматривать это как баловство.
- **Упрямство:** Ребёнок будет стоять на своём до последнего. Даже если ему уже и не хочется того, чего он требовал. Ничто и никто не может переубедить малыша, даже если вы будете уговаривать его и предлагать взамен что-то более интересное. Так ребёнок хочет понять, что с его мнением считаются.
- **Обесценивание:** Ребёнок начинает по-другому относиться ко всему, что ему нравилось до сих пор: перестает играть с любимыми игрушками, хорошо относиться к ранее любимым взрослым и начинает считать родителей злыми. Его перестают интересовать игры и занятия, столь любимые ранее. Нередко ребёнок начинает ругаться и обзываться.
- **Стремление к самостоятельности:** Ребёнок старается не прибегать к чьей-то помощи, делает всё сам. Конечно, хорошо, что он стремится к этому, но иногда дети берутся за то, чего они не могут сделать в силу своего возраста. Тут скорее можно назвать такое поведение своеволием.
- **Деспотичность:** попытки ребёнка командовать всем, в том числе и взрослыми. Он начинает указывать, кто, что должен делать, что он наденет на прогулку и требует подчинения окружающих.

Есть ли позитивные стороны?

Не нужно воспринимать кризис как сплошную трудность. В этом есть и положительные стороны. Необходимо лишь увидеть их и помочь ребёнку в трудные для него моменты. Главный плюс в том, что кроха учится быть самостоятельным, защищать себя и свои права. Он пытается давать отпор внешнему миру.

Ни в коем случае не надо стараться сломить ребёнка, навязать ему свою волю. Это может навсегда убить в нём желание чего-то добиваться и сделать его слабым и безвольным.

Если родители с ранних лет подавляют ребёнка, требуют, чтобы он всегда уступал и слушался, то малыш не переживает этот кризис. В итоге в будущем он не сможет противостоять всем трудностям внешнего мира и будет просто беззащитен. Позже родителям придётся учить его стоять за себя и выражать свои желания и мнение, чтобы не страдать от чужого давления, командования и наглости.

Как правильно вести себя родителям?

Родителям, прежде всего, необходимо набраться терпения. Конечно, не всегда удастся сохранять каменное лицо, когда твои нервы на пределе, но постараться просто необходимо. Чтобы легче перенести этот тяжёлый период, можно прислушаться к советам детских психологов:

Что делать родителям для помощи ребёнку

- Не стоит слишком опекавать ребёнка, чрезмерно о нём заботиться, а также общаться с ним в авторитарном режиме.
- Нужно придерживаться одной тактики в воспитании. То есть родители могут и наказывать, и хвалить, и дарить подарки, но только вместе, а не так, что мама наказала, а папа пожалел.
- Поддерживайте самостоятельность и познавательный интерес ребёнка, если, конечно, он не выходит за рамки допустимого.
- Старайтесь общаться с чадом, играя, не указывайте ему и не командуйте.
- Всегда объясняйте ребёнку спокойно и на понятном для него языке, как нужно и как не допускается себя вести. И не забывайте указывать, почему. Воспитание должно проходить на позитивной волне, а не в наказаниях и запретах.
- Всегда предлагайте крохе находить компромисс в [конфликтных ситуациях](#). Очень важно оставлять ему право выбора.
- Учите ребёнка общаться со сверстниками и взрослыми. Он должен понимать, что нельзя ни с кем ругаться, обзываться и драться.

Ата-аналар жиналысында сөз сөйлеу

**«Дамытушы ойындар балаларды
интеллектуалды дамыту құралы ретінде»**

Дайындаған: педагог психолог Казғалиева Мадина Нурлановна



Баланың ақыл – ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойын жүйрік етіп тәрбиелеу дәлдікке үйрету шындыққа тәрбиелеу мақсатында, сауаттылыққа баулу – бүгінгі күн талабы. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті.

Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту – тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп – салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағы сын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік - жігерлі, дүниетанымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан – жақты дами алады.

Жабыстырмалы ойындарды үстел үсті ойындарға жатқызуға болады, ол тек қана таным қабілетін дамытып қана қоймай, сонымен қатар, ұсақ моторикасын, шығармашылығын дамытады, сыртқы әлеммен танысады, назар аударуға және табандылыққа үйренеді. Балалар білімді қызықты түрде қабылдайды және сөздік қорын кеңейтуге, байытуға, үйлесімді сөйлеуді дамытуға ықпал етеді.

Мектепке дейінгі балалардың ойлау қабілеттерінің дамуына зерттеу әдістерінің тигізетін әсері өте үлкен. Қазіргі мектепке дейінгі балалардың барлық ойлау қабілеттерін дамыту жолдарын ескере отырып жасалған, жабыстырмалы ойындар мазмұны ойлауды дамытуға үлкен үлесін қосады. Мектепке дейінгі білім берудің алдында тұрған негізгі мақсат – балаларға білім бере отырып ойлау қабілетін дамыту, қызығушылығын арттыру, оқуға ынтасын ояту болса, жабыстырмалы ойындар осы мақсатқа жетудің құралдарының бірі деуге болады.

Жабыстырмалы ойындар арқылы алған білімін бала өз іс – әрекетінде қолдануға машықтанады және ой қорытынды жасай алу, себеп – салдарды анықтау, түсінік беру, ойлау қабілетінің дамуы анық көріне бастайды және осы кезеңде баланың ойлауы нақты – бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды, заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып, өзінің ойын дәлелдеуге үйрене бастайды.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында

ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.

Мен өз шығармашылық жұмысымда жабыстырмалы ойындарды тиімді пайдалана отырып, баланың білім алуға деген ынтасын күшейтіп, белсенділігін арттырамын. Ойын ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым, әрі қысқа болуы керек. Ойындардың эстетикалық әрленуіне, көрнекілік суреттердің әсемдігіне үлкен мән беремін. Балалардың таным қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, білім алуға ынтасын арттыруда жабыстырмалы ойындарды ұтымды пайдаланудың маңызы зор.

Жабыстырмалы ойындардың дамыту аймағы:

- Ұсақ моториканы дамытады
- Шығармашылық-қиялын шыңдайды
- Қабылдау қабілетін дамытады
- Логикалық ойлауы дамиды
- Сөйлеу қабілеті шыңдалады
- Бір орнында отырып ойнау, тапсырманы орныдау қабілеті қалыптасады
- Сенсориканы дамытады

Кіші топ тәрбиеленушілері ересектердің әрекеттеріне ере отырып, жұмыс жасай бастайды; әрекеттері мақсатталады; тапсырманы орындауға назар аудара бастайды; барлық тапсырманы балалар өз беттерімен орындайды.